

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№ 12 «Інжугүл» бөбекжай-
балабақшасы» МКҚК
Ақтөбе қ, М.Оспанов көшесі 58»А»
тел. 8 (7132) 51-55-51
Inzhugul12@mail.ru

Государственное учреждение
Отдел образование города Ақтөбе»
ГККП Ясли-сад № 12 «Інжугүл»
г.Ақтөбе, ул.М.Оспанова 58»А»
тел. 8 (7132) 51-55-51
Inzhugul12@mail.ru

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Ақтөбе қаласы

05.02.2026ж.

№4/1

«Сыбайлас жемқорлыққа
Қарсы комплеанс-қызмет
функцияларын орындау
бойынша жауапты қызметкерді
белгілеу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
қызмет) Төрағасының 2022 жылғы «30» желтоқсан № 488 бұйрығымен
бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа
қарсы комплеанс институттың ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным
негізінде:

3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызметкер міндеттерін және оның
функционалдық міндеттері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызметкер міндеттерін және оның
функцияларын орындау «№12 «Інжугүл» бөбекжай-балабақшасының психологі
Д.Т.Манасқа жүктелінсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз міндетіме қалдырамын.

№12 «Інжугүл» бөбекжай-балабақшасының

менгерушісі:



Б.Ж.Жетесова

Тапсырма: Манас Д.Т. Жетесова

« Бекітемін»
 №12 «Інжүгул» бөбекжай-балабақшасы
 меңгерушісі: Меніс Б.Ж.Жетесова



№12 «Інжүгул» бөбекжай-балабақша бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шаралар 2025-2026 оқу жылы.

№	Іс-шаралар	Уақыты	Жауапты
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» іс-шаралар жоспарын құрып, бекіту	Оқу жылының басында	Менгеруші: Жетесова Б.Ж. Психолог: Манас Д.Т.
2	Балабақшаға сыбайлас жемқорлық жұмыстары бойынша жауапты адамды тағайындау.	Жылына бір рет	Әдіскер: Байниязова В.С. Психолог: Манас Д.Т.
3	Баяндама: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар. Мақсаты: Балабақша педагогтарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң маңыздылығын түсіндіру, оның алдын алу және жетілдіру жолдары туралы ақпарат беру.	Қыркүйек	Әдіскер: Байниязова В.С. Психолог: Манас Д.Т.
4	Сенім жәшігіне келіп түскен арыз шағымды талқылау. Баяндама: «Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктері» Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу механизмдерін талқылау, мемлекеттік	Қаңтар	Психолог: Манас Д.Т.

	органдардағы ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету жолдарын қарастыру.		
5	Сенім жәшігіне келіп түскен арыз-шағымдарды талқылау. Баяндама: «2015-2025 жж сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия» Мақсаты: Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен әділдік қағидаларын насихаттау.	Наурыз	Әдіскер: Байниязова В.С. Психолог: Манас Д.Т.
6	Баяндама: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әр бір азаматтың міндеті» Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсерін түсіндіру, оған қарсы күрестің әр азаматтың ортақ міндеті екенін ұғындыру.	Мамыр	Психолог: Манас Д.Т.
7	Баяндама: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асырудағы өзекті міндеттер» Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі	Шілде	Психолог: Манас Д.Т.

бағыттарымен таныстыру, оның жүзеге асырылу барысын талқылау және балабақша педагогтарының жауапкершілігін арттыру.		
--	--	--

**№12 «Инжугүл» мектепке дейінгі ұйымы бойынша
сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2024-2025 оқу жылына арналған
іс-шаралар жоспары бойынша өткізілген жұмыстар**

1. Ақтөбе қаласының білім бөлімі бойынша 18.08.2015ж. № 861 бұйрығын негізге ала отырып «№12 «Инжугүл» МДҰ» МКҚК бойынша «Заңсыз ақшалай қаражат жинауға тиым салу» туралы 28.08.2015ж. Бұйрық № 84 шығарылды.
2. №12 «Инжугүл» мектепке дейінгі ұйымы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылды.
3. Осы жоспар бойынша қыркүйек айында өндірістік жиналыста меңгеруші Жетесова Б.Ж. қызметкерлерге «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» - тақырыбында кеңес оқыды: Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдардан арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді. Президентіміз әр жылғы Жолдауларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл күрес жүргізу, бұл дертпен бүкіл қоғам болып күресу қажеттігі айтып келеді. «Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет деп, сыбайлас жемқорлықпен күресті бәріміз бірігіп жасауымыз қажет деді. Бұл – мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының біртұтас кешені» екендігін анық айтып жеткізді. Қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап толық берілді.
4. №12 «Инжугүл» мектепке дейінгі ұйымында 2025 жылдың 28 мамырында өткізілген жалпы ата-аналар жиналысында әдіскер Байниязова В.С. «Жемқорлықты жеңу мүмкін бе?» - тақырыбында кеңес өткізді. Қазіргі кезде қоғамда неше түрлі жағдайлар белең алуда. Бір жағынан мақтанарлық жетістіктерге қол жеткізіп жатырсақ, ал екінші жағынан күрделі, шешімін табу қиынға соғатын мәселелер кездесіп жататынын айтты. Соның бірі өздеріңіз жақсы білетін – жемқорлық. Жемқорлық – жалпы қоғамға, мемлекеттегі мүдделер мен мақсаттарға қарсы жасалатын қауіпті заңға қарсы іс-әрекет. Жемқорлық былайша айтқанда әртүрлі жолмен пара алу. Жемқорлық қоғам өмірінің барлық саласына тарап кеткенін айтып өтті. Қазақстанның әрбір азаматы алдымен еліміздің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңымен танысуы, оның талаптарын қатаң сақтауы қажет деп түсіндірді. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі Елбасмыздың жыл сайынғы халыққа Жолдауынан бастап барлық құзыретті органдардың ұйымдастырушылық – тәжірибелік іс-шаралар жоспарларына енгізіліп, тапсырмалары нақты қойылған жұмыс. Осы жұмыста біздің балабақшамызда жоспарланып, өткізіліп жатыр. Міне, бүгін сіздерге жемқорлық туралы толық мәлімет беруге тырыстық. Қойылған сұрақтарға жауап толық берілді.

№12 «Инжугүл» МДҰ меңгерушісі



Жетесова Б.Ж.

ХАТТАМА №1

Күні: 10.09.2026

Қаралатын мәселелер: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбындағы баяндама.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша педагог психолгы сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалары туралы баяндама оқыды.

Баяндама барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттары, мемлекеттік қызметшілер мен педагогтердің әдеп нормаларын сақтау міндеттері, қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу, заң бұзушылықтардың алдын алу мәселелері түсіндірілді.


Сондай-ақ ұжым мүшелеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, ашықтық пен адалдық қағидаттарын сақтау, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста заң талаптарын қатаң ұстану қажеттігі атап өтілді.

Педагогтар баяндама бойынша өз пікірлерін білдіріп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Ұжым мүшелері заң талаптарын сақтауға және өз қызметтерінде адалдық қағидаттарын басшылыққа алуға дайын екендіктерін жеткізді.

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары педагогтар назарына алынсын.
2. Педагогикалық ұжымға қызметтік міндеттерін орындау барысында заң талаптарын қатаң сақтау тапсырылсын.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу жалғастырылсын.
4. Ұжымда адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын нығайту жұмыстары күшейтілсін.

Іс-шара төрайымы:

 Жетесова Б.Ж.

Хатшы:

 Манас Д.Т.

ХАТТАМА №2

Күні: 14.01.2026

Қаралатын мәселелер:

1. Сенім жәшігіне келіп түскен арыз шағымды талқылау
2. Баяндама : «Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктері»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша педагогтары арасында сенім шәшігіне келіп түскен мәселелер бойынша пікірталас жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша – Манас Д.Т: »Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктері» атты баяндамасымен таныстырып шықты. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерінің маңыздылығын түсіндіріп, оның алдын алу және жетілдіру жолдары туралы ақпарат берілді.

Қаулы етемін:

1. Сенім шәшігіне келіп түскен арыз шағымдар тақырыбында пікірталас жүргізілсін.
2. Мамандарға «Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктері»туралы баяндамасы оқылсын, мамандар таныссын.

Іс-шара төрайымы:

Жетесова Б.Ж.

Хатшы:

Манас Д.Т.

ХАТТАМА №3

Күні: 03.03. 2026 жыл

Қаралатын мәселелер:

1. 2015–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттары туралы баяндама.
2. Ұйымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын талқылау.
3. Қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелері.
4. Сенім жәшігіне келіп түскен арыз – шағымдарды талқылау

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша баяндама жасалып, 2015–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі мақсаттары мен міндеттері түсіндірілді. Стратегияның басты мақсаты – мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылын күшейту, азаматтардың құқықтарын қорғау, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету екендігі атап өтілді. Баяндама барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Қатысушыларға білім беру ұйымдарында ашықтық пен жариялылық қағидаттарын сақтау, қызметтік міндеттерді адал орындау, заңнама талаптарын бұзуға жол бермеу қажеттігі түсіндірілді. Балабақша педагогтары арасында сенім шәшігіне келіп түскен мәселелер бойынша пікірталас жүргізілді.

Сөйлегендер:

Педагогтер мен қызметкерлер сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, ұжым мүшелерінің заң талаптарын қатаң сақтауы қажет екендігін айтты.

Қаулы етемін:

1. 2015–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі ережелері басшылыққа алынсын.

2. Ұжым мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтасын.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
4. Қызметтік әдеп нормаларын сақтау және заң бұзушылықтарға жол бермеу бақылауда ұсталсын.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

Іс-шара төрайымы:

 Жетесова Б.Ж.

Хатшы:

 Манас Д.Т.

ХАТТАМА №4

Күні: 19.05.2026

Қаралатын мәселелер:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті» тақырыбында баяндама.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын талқылау.
3. Қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелері.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндама жасалып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, заң талаптарын сақтау және қоғамдағы адалдық қағидаттарын нығайту мәселелері қарастырылды. Баяндама барысында әрбір азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске белсенді қатысуы, заң бұзушылықтарға жол бермеуі және адал еңбек етуі маңызды екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары түсіндіріліп, білім беру ұйымдарында ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету қажеттілігі айтылды.

Сөйлегендер:

Педагогтар мен қызметкерлер сыбайлас жемқорлықтың қоғам дамуына кері әсері туралы пікірлерін білдіріп, ұжымда адалдық, парасаттылық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанудың маңыздылығын атап өтті.

Қаулы етемін:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті» тақырыбындағы баяндама назарға алынсын.
2. Ұжым мүшелері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтасын.
3. Қызметтік міндеттерді орындау барысында адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттары басшылыққа алынсын.
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу жалғастырылсын.
5. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Іс-шара төрайымы:

Жетесова Б.Ж.

Хатшы:

Манас Д.Т.

Күні: 08.06.2026

Қаралатын мәселелер:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асырудағы өзекті міндеттер» тақырыбындағы баяндаманы тыңдау.
2. Ұйымдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын талқылау.
3. Қызметтік әдеп пен ашықтық қағидаттарын сақтау мәселелері.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндама оқылып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттары мен оны жүзеге асырудағы өзекті міндеттер қарастырылды.

Баяндама барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заңдылықты сақтау, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында ашықтықты арттыру, адалдық қағидаттарын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша атқарылатын жұмыстар түсіндірілді.

Сөйлегендер:

Ұжым мүшелері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, қызметтік міндеттерді орындауда заң талаптарын қатаң сақтау қажеттігін жеткізді. Педагогтар мен қызметкерлер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және парасаттылық мәдениетін қалыптастыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Қаулы етемін:

- 1.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асырудағы өзекті міндеттер» тақырыбындағы баяндама назарға алынсын.
- 2.Ұжым мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтасын.
- 3.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
- 4.Қызметтік әдеп нормаларын сақтау және ашықтық қағидаттарын нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
- 5.Ұжымда адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылсын.

Іс-шара төрайымы:

 Жетесова Б.Ж.

Хатшы:

 Манас Д.Т.

АНЫҚТАМА

«№12 «Іңжүгүл» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы.

«№12 «Іңжүгүл» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына сәйкес жүргізілді.

Талдау жүргізу кезеңі: 2026 жылғы 27 сәуір - 5 мамыр күні аралығы. Талдау жүргізудің негізгі мақсаты: Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, олардың алдын алу, заңдылық пен ашықтықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Талдау объектісі: «№12 «Іңжүгүл» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі.

Ішкі талдау жүргізу барысында келесі бағыттар қамтылды:

- кадрлық жұмыстарды ұйымдастыру;
- қызметкерлердің лауазымдық міндеттері;
- қаржы және бухгалтерлік есеп жүргізу;
- мемлекеттік сатып алу жұмыстары;
- ата-аналармен жұмыс жүргізу;
- өтініштер мен шағымдарды қарау;
- ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;
- ішкі нормативтік құжаттардың заңнамаға сәйкестігі;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралар;
- қызметкерлер арасында әдеп нормаларын сақтау мәселелері.

Талдау барысында зерделенген құжаттар:

- балабақшаның жылдық жоспары;

- бұйрықтар мен өкімдер;
- ішкі тәртіп ережелері;
- қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары;
- мемлекеттік сатып алу құжаттары;
- қаржылық есептер;
- бухгалтерлік құжаттар;
- қызметкерлердің жеке істері;
- ата-аналар өтініштері мен ұсыныстары;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бекітілген жоспарлар;
- жиналыс хаттамалары мен түсіндіру жұмыстарының материалдары.

Талдау нәтижесінде анықталған жағдайлар:

Талдау барысында мекемеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілетіні анықталды. Балабақшада қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары, семинарлар, жиналыстар және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып отырады.

Мекемеде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бойынша қажетті құжаттар әзірленген. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде.

Балабақшада ата-аналармен кері байланыс орнату мақсатында ақпараттық бұрыштар жасақталған. Сонымен қатар ата-аналар жиналыстарында заңдылық, ашықтық және тәртіп мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері нақты айқындалған. Әрбір қызметкердің функционалдық міндеттері бекітілген нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады. Құжат айналымы қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Қаржы және мемлекеттік сатып алу жұмыстары зерделеніп, құжаттардың заңнама талаптарына сәйкес рәсімделетіні анықталды. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жүргізіледі. Қаржылық есептердің уақытылы тапсырылуы қамтамасыз етілген.

Талдау барысында қызметкерлер арасында мүдделер қақтығысын болдырмау, қызметтік әдепті сақтау және заң талаптарын орындау мәселелеріне ерекше назар аударылғаны байқалды.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Жүргізілген талдау нәтижесінде төмендегідей тәуекелдер анықталды:

1. Қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру қажеттілігі;
2. Ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттілігі;
3. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын тұрақты жүргізу қажеттілігі;
4. Ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында интернет-ресурстардағы мәліметтерді тұрақты жаңарту қажеттілігі.

Ұсыныстар:

Анықталған тәуекелдерді болдырмау және алдын алу мақсатында төмендегі ұсыныстар берілді:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстарды тұрақты жүргізу;
2. Қызметкерлерге арналған құқықтық сауаттылықты арттыру семинарларын ұйымдастыру;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарда жиналыстар, түсіндіру жұмыстары және дөңгелек үстелдер өткізу;
4. Ата-аналар арасында сауалнама және кері байланыс жұмыстарын жүйелі жүргізу;
5. Ақпараттық бұрыштарды және интернет-ресурстарды уақытылы жаңартып отыру;
6. Ішкі бақылау және мониторинг жұмыстарын күшейту;
7. Қызметкерлер арасында әдеп кодексін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру;
8. Мемлекеттік сатып алу және қаржылық жұмыстардың ашықтығын тұрақты бақылауда ұстау.

Қорытынды:

